

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
Акционерлік қоғамы**

*2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған,
тәуелсіз аудиторлардың есебімен*

Қаржылық есептілік

МАЗМҰНЫ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту жауапкершілігі туралы басшылықтың мәлімдемесі	3
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	4-6
Жиынтық табыс туралы есеп	7
Қаржы мәселесі туралы есеп	8
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	9
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	10
Қаржылық есептілікке ескертпелер	11-35

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту жауапкершілігі туралы басшылықтың мәлімдемесі

Ұсынылған Тәуелсіз аудиторлар есебінің 4-6-беттеріндегі аудиторлардың міндеттерінің сипаттамасымен бірге қарастырылуы тиіс төмендегі өтініш «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамның (бұдан былай - Қор) қаржылық есептілігіне қатысты басшылықтың және аудиторлардың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалған.

Қор басшылығы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржы жағдайын сенімді көрсететін қаржылық есептілігін дайындау үшін, оның қызметінің нәтижелері, ақша қаражаттарының қозғалысы және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған осы күні аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық төмендегілер үшін жауапкершілік көтереді:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдалуы және олардың ретімен қолданылуы;
- ақпаратты, соның ішінде есептік саясат туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, сенімділігін, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;
- дәлелді бағалаулар мен есептеулердің қолданылуы;
- ХҚЕС талаптарын орындау осы немесе өзге мәмілелер, сонымен қатар өзге оқиғалар немесе шарттар Қордың қаржы жағдайына және қаржылық қызмет нәтижелеріне әсер ететін есептілікті пайдаланушылар түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпараттардың ашылуы; және
- жорамалдардың заңсыз болатын жағдайларын қоспағанда, қаржылық есептіліктің Қор өз қызметін жақын келешекте жалғастырады деген жорамалға сүйеніп дайындалуы.


Басшылық төмендегілер үшін жауапкершілік көтереді:

- Қордың барлық бөлімшелерінде ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Қордың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сонымен қатар кез келген күні жеткілікті дәлмәделдікте Қордың қаржы жағдайы туралы ақпаратты ұсынуға және ХҚЕС талаптарына қаржы есептілігінің сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізілуі;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық орынды ықтимал шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдалану деректерін анықтау және алдын алу.

Ұсынылып отырған 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржы есептілігін 2018 жылы 20 сәуірде Қор басшылығы бекітті:


С.С. Дюсенова
Президент




С.Ш. Сабирзянова
Бас бухгалтер

Астана қ., Қазақстан Республикасы



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"
ул. Габдуллина, 6
Алматы, Казахстан
A15H4E3

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

BDO Kazakhstan LLP
6 Gabdullin Street
Almaty, Kazakhstan
A15H4E3

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Директорлар кеңесіне және Акционеріне

Пікір

Біз «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан былай - «Қор») қоса берілген қаржылық есептілікке аудит жүргіздік, ол 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы есепті, жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есепті және аталған күнмен аяқталған жыл үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті, сонымен қатар қаржы есептілігіне берілген ескертпелерді, соның ішінде есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қамтиды.

Біздің ойымызша, ұсынылып отырған қаржы есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржы жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің қаржы нәтижелерін және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражаттарының қозғалысын барлық маңызды аспектілерінде әділ және шынайы бейнелейді.

Пікір білдіру үшін негіздеме

Біз Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес аудит жүргіздік. Сол стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз әрі қарай біздің қорытындымыздың «Қаржы есептілігінің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» тарауында сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған Этика стандарттары бойынша халықаралық кеңестің (БЭСХК Кодексі) Бухгалтерлердің Кәсіби Этикасының Кодексіне және біздің Қазақстандағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіздігіміз және аталған талаптар мен Бухгалтерлердің Кәсіби Этикасының Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттемелерді орындадық. Алған дәлелдеріміз біздің ескертпелі пікір білдіруіміз үшін негіз болатындай жеткілікті және тиісті деп ойлаймыз.

Корпоративтік басқару үшін, қаржылық есептілік үшін жауап беретін басшылардың және тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС сәйкес аталған қаржылық есептілікті дайындағаны және сенімді ұсынғаны үшін және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді тиісті жағдайларда ашқаны үшін және басшылық Компанияны таратуға ниеттенгенде, оның қызметін тоқтатқан жағдайда немесе тарату немесе қызметті тоқтаудан басқа қандай да бір басқа нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасау үшін жауапкершілік көтереді.

Корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды бақылау үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептігіне аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ықылассыз іс-әрекеттерге немесе қателерге байланысты туындаған елеулі бұрмаланулардың жоқтығына қисынды сенімге ие болу және біздің пікірімізден құралатын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Қисынды сенім сенімділіктің жоғары дәрежесі болғанымен, Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткізілген аудиттің елеулі бұрмаланушыларды бар болған жағдайда оларды әрдайым айқындайтынының кепілі емес. Бұрмаланулар ықылассыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және оларды жеке-жеке немесе бірге пайдаланушылардың осы қаржылық есептіліктің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжау мүмкін болса, маңызсыз емес болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіби пікір қабылдаймыз және аудиттің соңына дейін кәсіби күмәндікті сақтаймыз. Сонымен бірге, біз мыналарды орындаймыз:

- ықылассыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; сол тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатындай жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз.
Ықылассыз іс-әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмалануларды таппау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі елеулі бұрмалануды таппау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз іс-әрекеттер сөз байласуға, жалғандыққа, қасақана өткізуге, ақпаратты бұрмалап беруге немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп әрекет жасауға алып келуі мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайлы пікір білдіру мақсатымен емес, мән-жайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағаламалар мен басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуының негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың тоқтаусыз қызмет туралы жорамалды пайдалануының заңдылығы туралы қорытынды, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Компанияның тоқтаусыз қызметті жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күмәндар пайда болуы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздіктің болу-болмауы туралы қорытынды шығарамыз. Егер айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісінше ашылуына назар аудартуға немесе, егер ақпарат тиісінше ашылмаған болса – пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің пікірлеріміз аудиторлық қорытындымыз шыққан күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компания өз қызметін тоқтаусыз жалғастыру қабілетінен айырылуына алып келуі мүмкін.
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оған қоса ақпараттың ашылуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей көрсететінін бағалаймыз.

Қаржылық есептігіне аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі

Біз корпоративтік басқару үшін жауапкершілік көтеретін тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді, оларға өзгелермен қатар, жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертпелер, соның ішінде біздің аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, жүзеге асырамыз.

Сонымен қатар, біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға біздің тәуелсіздікке қатысты тиісті этикалық талаптардың барлығын сақтағанымыз және сол тұлғаларға барлық өзара әрекеттесулер мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді есептеуге болатын өзге мәселелер, ал қажет болған жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдеме береміз.

Біздің корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған және, соның нәтижесінде, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз осы мәселелерді, солар туралы ақпараттың көпшілікке жария етілуіне заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайлардан басқа кезде немесе сирек жағдайларда белгілі бір мәселе туралы ақпарат оның хабарлануының кері салдары оны хабарлаудан болатын қоғамға маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді болжауға болатындықтан, біздің аудиторлық қорытындыда хабарланбауға тиіс деген қорытындыға келген кезде сипаттаймыз.

Білікті аудитор Н. Игошина _____
Аудитордың біліктілік куәлігі №МФ-0000040-ҚР аудиторларды аттестаттау жөніндегі
Білікті комиссия 08.08.2011 ж. берді

«BDO Kazakhstan» ЖШС
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Қаржылық бақылау комитетінің
2015 жылғы 19 ақпандағы №15003448 Аудиторлық
қызметпен айналысу үшін берілген мемлекеттік лицензиясы.
Т.А. Омаров _____
Директор

«BDO Kazakhstan» ЖШС
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Бостандық ауданы, Габдуллин көшесі, 6-үй

2018 жыл 20 сәуір

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы
 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілік
 (егер басқасы көрсетілмесе, барлық сомалар мың теңгемен берілген)

Қордың жеке қаржылары бойынша **ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2017 жыл	2016 жыл
Комиссиялық кірістер	5	1,486,595	1,216,950
Комиссиялық шығыстар	6	(113,662)	(81,932)
Таза комиссиялық кіріс		1,372,933	1,135,018
Әкімшілік шығыстар	7	(1,361,409)	(1,137,570)
Өзге кірістер/(шығыстар), нетто	8	(1,675)	(6,292)
Операциялық қызметтен түсетін кіріс/(шығыс)		9,849	(8,844)
Салық салынғанға дейінгі пайда (шығын)		9,849	(8,844)
Табыс салығы бойынша шығыстар	10	(3,381)	(2,279)
Бір жылғы пайда (шығын)		6,468	(11,123)
Өзге жиынтық кіріс			-
Салықтарды шегергенде жыл үшін жиынтық кіріс (шығын) жиыны		6,468	(11,123)

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қоса берілетін қаржылық есептілігі Қор басшылығымен 2018 жылы 20 сәуірде бекітілді:

С.С. Дюсенова
 Қор Президенті



С.Ш. Сабирзянова
 Бас бухгалтер

Есептік саясат және 11-беттен бастап 35-бетке дейінгі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«Мемлекеттік өлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілік
(егер басқасы көрсетілмесе, барлық сомалар мың теңгемен берілген)

Қордың жеке қаржылары бойынша ҚАРЖЫ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсанға		
		2017 жыл	2016 жылғы	2015 жылғы
Активтер				
Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі құралдар	10	59,949	62,492	52,092
Материалдық емес активтер	11	26,959	22,365	24,565
Кейінге қалдырылған салық активі	9	9,665	10,360	7,608
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		96,573	95,217	84,265
Ағымдағы активтер				
Тауарлы-материалдық қорлар	12	7,943	13,059	18,841
Дебиторлық берешек	13	167,331	82,074	40,220
Ағымдағы салық активтері		-	300	303
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		2,744	1,483	5,430
Өзге ағымдағы активтер		5,171	1,309	6,371
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	14	26,579	79,220	108,665
Ағымдағы активтер жиыны		209,768	177,445	179,830
Активтер жиыны		306,341	272,662	264,095
Капитал және міндеттемелер				
Капитал				
Акционерлік капитал	15	45,950	45,950	45,950
Бөлінбеген пайда		172,348	165,880	177,003
		218,298	211,830	222,953
Ағымдағы міндеттемелер				
Кредиторлық берешек	16	13,698	10,398	8,925
Салықтар бойынша міндеттемелер	17	43,123	21,021	10,282
Басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер		5,674	124	-
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	18	25,548	29,289	21,935
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		88,043	60,832	41,142
Капитал және міндеттемелер жиыны		306,341	272,662	264,095

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қоса берілетін қаржылық есептілігі Қор басшылығымен 2018 жылы 20 сәуірде бекітілді:

С.С. Дюсенова
Қор Президенті



С.Ш. Сабырзянова
Бас бухгалтер

Есептік саясат және 11-беттен бастап 35-бетке дейінгі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«Мемлекеттік өлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілік
(егер басқасы көрсетілмесе, барлық сомалар мың теңгемен берілген)

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2017 жыл	2016 жыл
Операциялық қызметтен келіп түскен ақша ағындары			
Комиссиялық кірістер		1,579,502	1,319,679
Өзге түсімдер		1,029	11,250
Жеткізушілерге төлемдер		(366,779)	(323,131)
Берілген аванстар		-	(608)
Еңбекақы бойынша төлемдер		(702,247)	(545,853)
Төленген табыс салығы		(5,407)	(1,084)
Бюджетке төлемдер		(366,194)	(297,661)
Комиссиялық сыйақы		(109,811)	(80,810)
Мүшелік жарналар		(25,597)	(27,985)
Өзге төлемдер, нетто		(24,057)	(42,690)
Операциялық қызметке қолданылған таза ақша ағындары		(19,561)	11,107
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(19,907)	(33,401)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(12,926)	(7,151)
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттарының ағындары		(32,833)	(40,552)
Қаржы қызметінен алынған ақша ағындары			
Құрылтай жарнасы		-	-
Қаржы қызметінен алынған таза ақша ағындары		-	-
Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының таза өзгерісі			
Бағам айырмаларының әсері		(52,394)	(29,445)
Бағам айырмаларының әсері		(247)	-
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	8	79,220	108,665
Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	8	26,579	79,220

Осы кезең ішінде елеулі ақшалай емес операциялар болмады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қоса берілетін қаржылық есептілігі Қор басшылығымен 2018 жылы 20 сәуірде бекітілді:

С.С. Дюсенова

Қор Президенті



С.Ш. Сабирзянова
Бас бухгалтер

Есептік саясат және 11-беттен бастап 35-бетке дейінгі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«Мемлекеттік өлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы
 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілік
 (егер басқасы көрсетілмесе, барлық сомалар мың теңгемен берілген)

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Сақтық капиталы	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2015 жылғы 31 желтоқсанына	45,950	23,074	175,250	244,274
Өткен жылғы қателерді түзету	-	(23,074)	1,753	(21,321)
2015 жылғы 31 желтоқсанына түзетулер енгізілді	45,950	-	177,003	222,953
Бір жылғы таза пайда	-	-	(11,123)	(11,123)
2016 жылғы 31 желтоқсанына	45,950	-	165,880	211,830
Бір жылғы таза пайда (шығын)	-	-	6,468	6,468
2017 жылғы 31 желтоқсанына	45,950	-	172,348	218,298

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қоса берілетін қаржылық есептілігі Қор басшылығымен 2018 жылы 20 сәуірде бекітілді:

С.С. Дюсенова
 Қор Президенті



С.Ш. Сабирзянова
 Бас бухгалтер

Есептік саясат және 11-беттен бастап 35-бетке дейінгі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы (бұдан былай - Қор) оның жарғылық капиталына мемлекеттік 100% қатысуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылы 24 ақпандағы ««Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» №237 қаулысына сәйкес құрылды. Қор қатысушысы «ҚР ҚМ мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ тұлғасында Қазақстан Республикасы үкіметі (бұдан былай – «Үкімет») болып табылады. Қорды мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі болып табылады. Қор 2004 жылы 21 сәуірде куәлік № 16157-1901-АҚ заңды тұлға ретінде Астана қ. Әділет департаментінде тіркелген. Заңды мекенжайы және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Иманов к-сі., 13.

Қор қызметінің негізгі бағыттар болып табылады:

- әлеуметтік аударымдарды шоғырландыру;
- әлеуметтік тәуекел жағдайы басталғанда алушымен әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КАҚ ММ қаражаттарын уақтылы аудару;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (ҚРҰБ) арқылы ҚР Үкіметімен анықталған тізімге сәйкес қаржы құралдарына уақытша бос қаражаттарды орналастыру;
- әлеуметтік аударымдардың сақталуын және мақсатты қолданылуын қамтамасыз ету.

Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қор өз қызметін Қор активтерінен алынатын комиссиялық сыйлықақы есебінен жүзеге асырады.

Қордың осы қаржылық есептілігі 2018 жылы 20 сәуірде Қор Президентімен және Бас бухгалтермен бекітілді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Сәйкестік туралы мәлімдеме – осы қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік жөніндегі кеңеспен («ХҚЕС жөніндегі кеңес») жарияланған редакциядағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес өзiрленген.

ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік әзірлеу маңызды есептік бағаларды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есепті саясатты қолдану барысындағы жол берулер бойынша пікір білдіруді талап етеді. Күрделілік немесе жол берулерді қолдаудың жоғары деңгейін қамтитын қолданылу салалары, сондай-ақ бағалар мен жол берулерді қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар *4-қосымшада* ашылған.

Ұсыну негізі – осы қаржылық есептілік есеп саясатында және осы қаржылық есептілікке берілген ескертпелерде ашылған операцияларды қоспағанда, тарихи құн қағидасы негізінде дайындалған.

Есептеу әдісінің сәйкестігі ақша қоғалысы туралы ақпараттарды қоспағанда, операциялар және оқиғалар қаржылық есептілікте ақша қаражаттарын және олардың баламаларының түсу немесе төлеу шамасына емес, олар орын алған кезде танылатындығы тұжырымдалады, есеп тізбелерінде тіркеледі және олар жатқызылатын кезеңдердің қаржы есептілігін ұсынады. Шығыстар келтірілген шығындар мен табыстың еңбекпен табылған нақты баптары (ара қатынас концепциясы) арасындағы тікелей салыстыру негізінде табыстар мен шығыстар туралы есепте беріледі. Мәмілеге байланысты экономикалық пайдаларды алғанда және табыс сомасын сенімді бағалау мүмкіндігі кезінде табыс танылады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қызметтің үздіксіздік принципі – осы қаржылық есептілік Қор қызметтің үздіксіздік принципін қолданатын болжамына сүйене отырып, ХҚЕС сәйкес дайындалған. Бұл жақын болашақта оның қарапайым қызметі барысында активтерді жүзеге асыруды және міндеттемелерді өтеуді болжайды.

Функционалды валюта және есептілікті көрсететін валюта - осы қаржылық есептілік мың қазақстандық теңгеде («теңге», «көрсету валютасы») көрсетілген.

Шетел валютасындағы операциялар операция жасалған күні қолданылатын валюталық бағам бойынша функционалды валютада есептеледі. Осы операциялар бойынша есеп айырысулар нәтижесінде туындаған бағам айырмасының және жыл соңындағы бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлы активтері мен міндеттемелер қайта есептеуден түскен кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Шетел валютасындағы бағаланатын ақша емес баптар өділетті құн анықталған күнгі бағамдар бойынша қайта есептеледі.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларына шаққандағы теңгенің ресми бағамы АҚШ 1 доллары үшін 333.29 және 332.33 теңгеге тең.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Еуроға шаққандағы теңгенің ресми бағамы 1 Еуро үшін 352.42 және 398.23 теңгеге тең.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша швейцария франкіне шаққандағы теңгенің ресми бағамы 1 швейцария франкі үшін 328.14 және 340.61 теңгеге тең.

Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу

2014 жылы Қор барлық материалдық емес активтерді қайта бағалау үшін 38 ҚЕХС (IAS) «Материалдық емес активтер» талаптарына қарамастан бір материалдық емес активті қайта бағалады, сонымен қатар, Қордың есеп саясаты МЕА есебін қайта бағалай емес, бастапқы құны бойынша есептейді. Бұл факт кейінге қалдырылған салық активінің есептелуіне және келесі кезеңдердегі амортизацияны есептеуіне әсер етті. Осы фактілерге байланысты, Қордың басшылығы 2017 жылы өткен кезеңдер үшін қаржы есептілігін қайта қарады және 8 ХҚЕС (IAS) «Есептік бағалауларындағы өзгерістер және қателіктер» ережелеріне сәйкес берілген ерте кезеңге әсер еткен капиталдың құрамдас бөлігінің бастапқы сальдосын және қате жіберілмеген жағдайда алдыңғы кезеңдердің әрқайсысы үшін ашылған басқа салыстырмалы деректерді түзетті.

Қордың 2015 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы есебі келесі түрде берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер.	31.12.2015	Түзетулер	31.12.2015 (Есептелінді)
Активтер				
Ұзақ мерзімді активтер				
Материалдық емес активтер	11	51,221	(26,656)	24,565
Кейінге қалдырылған активтер	9	2,273	5,335	7,608
		53,494	(21,321)	32,173
Капитал				
МЕА бағалаудағы резервті капитал		23,074	(23,074)	-
Бөлінбеген пайда		175,250	1,753	177,003
		198,324	(21,321)	177,003

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу (жалғасы)

Қордың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есебі келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Ескер.	2015 жылғы түзетуді есптегенде		
		31.12.2016	Түзетулер	31.12.2016
Активтер				
Материалдық емес активтер	11	19,227	3,138	22,365
Кейінге қалдырылған салық активі	9	9,954	406	10,360
		32,173	3,544	32,725
Капитал				
МЕА бағалаудағы резервті капитал		(4,727)	4,727	-
Бөлінбеген пайда		167,063	(1,183)	165,880
		177,003	3,544	165,880

Қордың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кірістер мен басқа да жиынтық кіріс туралы есебі келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
		2016 жыл	Түзетулер	2016 жыл
Әкімшілік шығыстар	8	(1,140,708)	3,138	(1,137,570)
Операциялық қызметтен түсетін кіріс/(шығын)		(11,982)	3,138	(8,844)
Салық салынғанға дейінгі пайда (шығын)		(11,982)	3,138	(8,844)
Тасбыс салығы бойынша шығыстар	10	(2,685)	406	(2,279)
Бір жылғы пайда (шығын)		(14,667)	3,544	(11,123)
Өзге жиынтық кіріс		-	-	-
Салықтарды шегергенде жыл үшін жиынтық кіріс (шығын) жиыны		(14,667)	3,544	(11,123)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Жаңа және қайта қаралған стандарттар

Қор ағымдағы жылы жаңа және қайта қаралған барлық стандарттарды қабылдады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында пайдаланылған есеп саясаты 2017 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа стандарттар мен түзетулерді қоспағанда 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы жылдық қаржылық есептілігін дайындау барысында қолданған стандарттарға сәйкес келеді. Қор шығарылған, бірақ әлі де күшіне енбеген қандай да басқа стандарттарды, түсіндірулерді немесе түзетулерді мерзімнен бұрын қолданбады. Осы өзгерістер сипаттамасы жайында ақпарат төменде ашылған. 2017 жылы Қор осы жаңа стандарттар мен түзетулерді бірінші рет қолданғанымен, олар жылдық қаржылық есептілігіне елеулі әсерге ие болмайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қаралған стандарттар (жалғасы)

7 ХҚЕС (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастамасы»

7 ХҚЕС (IAS) түзетулер «Ақпарат ашып көрсету аясындағы бастамасы» ХҚЕС жөніндегі кеңестің ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастамаларының бір бөлігі болып табылады және ақша ағындарымен негізделген, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді қоса алғанда ұйымның қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына қаржы қызметімен негізделген міндеттемелердегі өзгерістерді бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Мұндай түзетулерді алғаш рет қолданған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Мұндай түзетулер 2017 жылғы 31 желтоқсан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

ХҚЕС (IAS) 12 (IAS) «Өткізілмеген шығындарға қатысты» кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» түзетулер

Түзетулер ұйым мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасында олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтердің өтелуін көздей алады.

Ұйымдар мұндай түзетулерді ретроспективті түрде қолдануы тиіс. Дегенмен түзетулерді алғаш рет қолданған кезде меншікті капиталдың ең ерте салыстырмалы кезеңнің басында өзгеруі өзгерісті бөлінбеген пайданың құрамында (немесе тиісінше, меншікті капиталдың басқа құрамдасының құрамында) мойындалуы мүмкін. Мұндай бастауды қолданатын ұйымдар бұл фактіні ашып көрсетулері тиіс.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: кезеңі 2014-2016 жылдар

Түзетулер ХҚЕС 12 «Басқа кәсіпорындардағы қатысулар туралы ақпараттарды ашып көрсету: 12-ХҚЕС ашып көрсету талаптарының қолданылу түсіндіру»

B10-B16 түзетулер тармақтарында қамтылған қоспағанда IAS 12 астында ашып көрсету талаптары, еншілес компанияның қатысу үлесі, бірлескен қызметтің немесе қауымдасқан (немесе бірлескен немесе қауымдасқан кәсіпорын өзінің қызығушылық бөлігі қолданылады деп түсіндіру), ол сатуға арналған (немесе жіктелген сияқты есептен шығару тобына енгізілген ретінде жіктеледі).

Түзетулер аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

Қордың еншілес, бірлескен немесе қауымдасқан ұйымдардағы үлестері жоқ болғандықтан, оның қаржылық жағдайыны және қызметіне әсер етпейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қаралған стандарттар (жалғасы)

Шығарылған жаңа және қайта қаралған, бірақ күшіне енбеген ХҚЕС

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша табыс» (және ХҚЕС (IFRS) 15 түзетулер)
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу»²;
- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарты»³;
- ХҚЕСТК (IFRIC) 22 «Шет елдік валютадағы операциялар және алдын ала өтеу»¹;
- ХҚЕСТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу жөніндегі тұрлаусыздық»²;
- ХҚЕС (IFRS) 2 түзетулер - «Акциялар негізіндегі операцияларға баға беру және жіктелуі»¹;
- ХҚЕС (IFRS) 10 түзетулер ХҚЕС (IFRS) 28 «Инвестор және оның тәуелді немесе бірлескен ұйымына активтер қосу немесе сату»⁴;
- ХҚЕС (IFRS) (IAS) 40 «Объектілерді инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру»¹;
- ХҚЕС (IFRS) 4 түзетулер - «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолдану, ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарты»¹;
- ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулер - «Әлеуетті теріс төлемді мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт»²;
- ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер - «Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар»²;
- Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2014-2016 жж.¹;
- Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2015-2017 жж.².

¹ 2018 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

² 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

³ 2021 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

⁴ Күшіне ену күні кейінірек анықталады, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

2009 жылғы қарашада шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерін жіктеу және бағалау бойынша жаңа талаптарды енгізді. 2010 жылғы қазанда ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер енгізілді және қаржы міндеттемелерін жіктеу және бағалау бойынша және қаржы құралдарын тануды тоқтату бойынша жаңа талаптар енгізілді, ал 2013 жылғы қарашада хеджирлеуді есепке алуға жаңа талаптар шығарылды. 2014 жылғы шілдеде ХҚЕС бойынша кеңес ХҚЕС (IFRS) 9-дың ақтық вариантын шығарды, онда қаржы активтерінің құнсыздануын есепке алу бойынша талаптар, сондай-ақ қарапайым борышты құралдардың білгілі бір түрі үшін «басқа жиынтық табыстар арқылы өділ құн бойынша бағаланатын» (БЖТАӘҚБ) қаржы құралдарының жаңа санатын қосу арқылы қаржы активтерін сыныптау мен бағалауға қатысты талаптардың кейбір өзгерістері енгізіледі. ХҚЕС (IFRS) 9 ағымдағы ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартын ауыстырады..

ХҚЕС (IFRS) 9-дың негізгі талаптарына сәйкес:

- **Қаржы активтерін сыныптау және бағалау.** Қаржы активтері соның шеңберінде ұсталып отыратын бизнес-модельге және шартта қарастырылған ақшалай қаржы ағындарының сипаттамаларына байланысты сыныпталады. Соның ішінде, мақсаты шартта қарастырылған ақша ағындарын алу болып табылатын, бизнес-моделінің шеңберінде ұсталып отыратын борышты құралдар, және осындай ақша ағындары негізгі соманың төлемі мен ол бойынша пайыздарды ғана қосады, әдетте бастапқы танудан кейін амортизацияланған құн бойынша бағаланады. ХҚЕС (IFRS) 9-дың нұсқасы мақсаты шартта қарастырылған ақшалай қаражатты алумен де, сондай-ақ активтерді сатумен де жеткізілетін, бизнес-моделінің шеңберінде ұсталып қалатын борыштық құралдар үшін өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын құралдар санатын енгізеді, бұл ретте шартта қарастырылған ақша ағындары негізгі соманың мен ол бойынша пайыздардың төлемін ғана қосады. Мұндай құралдар өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құн бойынша бағаланады. Басқа борыштық құралдар мен борыштық бағалы қағаздардың барлығы өділ құн бойынша бағаланады. Сонымен қатар, ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес кәсіпорындар өзге жиынтық кірістің құрамында үлестік құралдың (саудаға арналмаған) өділ құнында, және дивидендтер бойынша кірісті ғана – табыстар немесе залалдар құрамында күшін жоюға жатқызылмайтын, кейінгі өзгерістерді еспке алуды таңдауды жасай алады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» (жалғасы)

- **Қаржы міндеттемелерін сыныптау және бағалау.** Қаржы міндеттемелері ХҚЕС (IAS) 39 талаптарына ұқсас сыныпталады, бірақ ұйымның меншікті кредиттік тәуекелін бағалау талаптарында айырмашылықтар бар. ХҚЕС (IFRS) 9 осы міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгерістерімен байланысты қаржы міндеттемесін әділ құны өзгерістерінің сомасы, егер өзге жиынтық кірістің құрамындағы міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгерістерінің ықпалын тану табыс немесе залалда есептік үйлесімсіздікті жасауға немесе ұлғаюына алып келмейтін болса, өзге жиынтық кірісте танылуын талап етеді. Қаржы міндеттемесін кредиттік тәуекелімен байланысты әділ құнның өзгерістері ақырында пайда немесе залалға қайта сыныпталмайды.
- **Құнсыздану.** Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері (несиелер және дебиторлық берешек, ақша қаражаттары және олардың баламалары) 9 ХҚЕС-тың (IFRS) құнсыздануына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Қор 9 ХҚЕС-қа (IFRS) сәйкес барлық сауда-саттық және басқа да дебиторлық берешекке, дебиторлық берешекке, банктердегі ұзақ мерзімді депозиттерге, ақшалай қаражаттарға және олардың баламаларына қатысты талап етілетін немесе рұқсат етілген кезеңде күтілетін несиелік шығындарды тануды көздейтін оңайлатылған тәсілді қолдануды жоспарлап отыр. Басшылық 9 ҚЕХС-қа (IFRS) сәйкес «күтілетін кредиттік шығын» моделін қолдану кредит шығындарын ертерек тануға және осы баптарға қатысты құнсызданудың мөлшерін арттыруға әкеледі деп күтеді; сонымен қатар басшылықтың пікірінше, өсім маңызды болып болмайды.
- **Хеджирлеуді есепке алу.** Хеджирлеуді есепке алудың жаңа жалпы ережелері ХҚЕС (IAS) 39 белгілеген хеджирлеуді есепке алудың үш механизмін сақтайды. ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес хеджирлеуді есепке алуды қолдануға болатын операциялар тізімі кеңейтілді, оның ішінде хеджирлеу құралдары ретінде белгілеуге болатын жаңа құралдар пайда болды, сонымен қатар қаржылық емес баптарының тәуекел компоненттері енді хеджирленетін баптар ретінде сыныпталуы мүмкін. Бұдан басқа, тиімділікке тесттің тұжырымдамасы экономикалық уағдаластықтың болу қағидасымен ауыстырылған болатын. Хеджирлеудің тиімділігін ретроспективті бағалау енді талап етілмейді. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару бойынша ұйымның қызметі туралы ақпаратты ашу бойынша кеңейтілген талаптар енгізілді.

Топ басшылығының болжауынша, Қордың 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9-ды қолдану көрсетілген қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің сомаларына болашақта айтарлықтай ықпалын тигізуі мүмкін.

- **Сыныптау және бағалау.** Қорда амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері ғана бар, сондықтан олар 9 (IFRS) ХҚЕС-ына, сондай-ақ 39 (IAS) ХҚЕС-ына сәйкес баяндалады.
- **Құнсыздану.** Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері (берілетін кредиттер және дебиторлық берешек, ақша қаражаттары және олардың баламалары) ХҚЕС (IFRS) 9-дың құнсыздануына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Қор ХҚЕС (IFRS) 9-дың саяси есебімен рұқсат етілген немесе талаптарына сәйкес барлық сауда-саттық және басқа да дебиторлық берешекке, банктердегі ұзақ мерзімді депозиттерге, ақшалай қаражаттарға және олардың баламаларына қатысты несиелік шығындарды тануды көздейтін оңайлатылған тәсілді қолдануды жоспарлап отыр. Басшылық ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес күтілетін несиелік шығындар моделін қолдану несиелік шығындарын ертерек тануға және осы баптарға қатысты құнсызданудың мөлшерін арттырады деп күтуде; сонымен қатар, басшылықтың пікірінше, бұл маңызды болып табылмайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша табыс»

2014 жылғы мамырда сатып алушылармен шарттар бойынша табысты есепке алудың бірыңғай кешенді моделін белгілейтін ХҚЕС (IFRS) 15 шығарылды. ХҚЕС (IFRS) 15, ХҚЕС (IAS) 18 «Табыс», ХҚЕС (IAS) 11 «Құрылыс жұмыстарына жасалған келісім-шарттар» мен тиісті түсіндірулермен қоса, осы сәтте әрекет етуші табысты тану бойынша барлық стандарттарды ауыстырады.

ХҚЕС (IFRS) 15-тің негізгі қағидаты кәсіпорын күтетіндей оның тауарлар мен қызметтерге айырбастау құқығы бар сыйақыға сәйкес келетін сомада уәде берілген тауарлар мен қызметтерді сатып алушыларға беру сәтінде немесе беруіне қарай ұйым табысты тануы тиіс. Соның ішінде, стандарт бес кезеңнен тұратын бірыңғай модельді сатып алушылармен жасалатын барлық шарттарға қолдануды ұсынады.

Модельдің бес кезеңдеріне мыналар кіреді:

- Сатып алушымен жасалған шартты сәйкестендіру;
- Шарт бойынша орындаушының міндеттемелерін сәйкестендіру;
- Мәміле құнын анықтау;
- Мәміле құнын орындаушының міндеттемелеріне бөлу;
- Орындаушының міндеттемені орындау сәтінде немесе орындалуы барысында табысты тану.

ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес ұйым орындаушының міндеттемесі орындалғанда немесе орындалуына қарай, яғни орындаушының міндеттемесін құрайтын тауарларға немесе қызметтерге бақылау сатып алушыға өткенде табысты таниды. Стандарт табысты тану сәті, ауыспалы сыйақыны есепке алу, шарттарды бекіту мен орындаумен байланысты шығындар және басқалары сияқты есепке алу мәселелері бойынша өте нақты нұсқаулар енгізеді. Сонымен бірге ХҚЕС (IFRS) 15 ақпараттың үлкен көлемін ашуды талап етеді.

2016 жылғы сәуірде ХҚЕС (IFRS) 15-ХҚЕС-қа өзгерістер енгізуді орындау үшін міндеттерді, негізгі агенттік қарым-қатынастарды талдауды және лицензиялау жөніндегі нұсқауды қолдануды белгіледі. ХҚЕС (IFRS) 15-ті қолдану болашақта табысты тану сомалары мен мерзімдеріне елеулі ықпал тигізе алады. Бірақ ХҚЕС (IFRS) 15 қолданудың ықпалын толық талдау жүргізгенге дейін бағалауға мүмкіндік жоқ.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: кезеңі 2014-2016 жылдар

«2015-2017 жылдардағы ҚЕХС-дағы жыл сайынғы жетілдіру» құжатында бірнеше стандарттар өзгертілген:

ХҚЕС (IFRS) 3-ке түзетулер бизнесті біріктіру кезінде, бірлескен операциялардағы үлесті қайта бағалайды. ХҚЕС (IFRS) 11-ге түзетулер бірлескен операциялардағы бизнесті біріктіру кезінде ұйым осы бизнес қолданысындағы акцияларды бағаламайды.

ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер салықтың пайда болуына қарамастан, дивидендтерді төлеудің (яғни, пайданы бөлу) барлық салықтық салдары пайда мен шығын туралы есепте көрсетілуі тиіс екендігін түсіндіреді.

ХҚЕС (IAS) 23-ке түзетулерге сәйкес, егер белгілі бір талаптарға сай келетін активке үміткер ретінде танылған кредит немесе қарыз активтің өз мақсатына немесе сатуға пайдалануға дайын болған күні өтелмеген болса, капиталдандыру мөлшерлемесін есептеу мақсаттары үшін осындай қарыз немесе қарыз қаражаты жалпы мақсаттар үшін алынған қарыз қаражатының бір бөлігі болып табылады.

Барлық түзетулер 2019 жылдың 1 қаңтарында немесе осы мерзімнен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал тигізбейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі құралдар

Бастапқы мойындау кезінде негізгі құралдардың объектілері өзіндік құны бойынша ескеріледі, оған негізгі құралдарды шығару немесе сатып алу бойынша нақты өндірілген барлық қажетті шығындар, соның ішінде өтелмеген салықтар мен алымдарды сатып алу кезінде төленген (ҚҚС, сатып алған кезде төленген жеңіл автомобильдер, сатып алу шартын жасау барысында төленген мемлекеттік баж және т.б.), жеткізу, монтаждау, пайдалануға енгізу шығындары, құрылыс кезеңінде ұсынылған кредит пайызы, активті арналуы бойынша пайдалану үшін оны жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа шығыстар жатады.

Пайдалы қызмет мерзімін ұзарту немесе өнімділігін арттыру үшін негізгі құралдар объектісінің күйін жақсарту үшін бағытталған кейінгі шығындар негізгі құралдар объектісінің баланстық құнын ұлғайтады.

Негізгі құралдар объектісінің техникалық күйін сақтау және қолдау мақсаттарында өндірілген негізгі құралдарды кейінгі жөндеу және пайдалануға жұмсалған шығындар оларды жұмсау кезінде ағымдағы шығыстар сияқты танылады.

Актив ретінде басапқы мойындау барысында негізгі құралдар объектісі амортизацияны және құнсызданудан жиынтықталған шығындарды шегеру арқылы қайта бағалау күні оның әділ құны болып табылатын қайта бағалау құны бойынша Қор ескереді.

Негізгі құралдар нысанын мойындау оны есептен шығарғаннан кейін немесе оны пайдаланудан болашақ экономикалық пайданы алғанда немесе есептен шығару енді күтілмеген кезде тоқтатылады. Активті мойындауды тоқтау барысында туындаған кез келген табыстар немесе шығындар (есептен шығарудан алынған таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылығы ретінде есептелген) активті мойындау тоқтаған есептік кезеңде жиынтық табыс туралы есепке қосылады.

Егер мүлік есептен шығарылса, Қор өзінің бухгалтерлік балансынан негізгі құралдарды өз бетімен есептен шығара алады, оның құны қоғам активінің жалпы мөлшерінің кемінде 25% құрайды және Қордың басқару органының келісімі бойынша құны қоғам активтерінен 25% астам мүлікті еліктен шығарған кезде .

Негізгі құралдардың тиімді қызмет ету мерзімі

Тозу активтерді тиімді пайдалану мерзімдеріне дейін шығысқа шығаруға арналған жер мен аяқталмаған құрылыстан басқа негізгі құралдардың баланстық құнына есептеледі. Тозу келесі бекітілген жылдық мөлшерлеме бойынша сызықтық әдіспен есептелінеді:

Көлік құралдары	4-7 жыл
Компьютерлер және перифериялық құрылғылар	3-5 жыл
Басқалары	3-7 жыл

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Қор негізгі құралдардың тиімді қызмет етудің қалған мерзімін, ең көп дегенде, әрбір қаржы жылының соңында бағалайды, егер күтілетін алдыңғы бағалардан ерекшеленетін болса, өзгеріс 8 ХБЕС «Есеп саясаты, есептік бухгалтерлік бағалар мен қателердегі өзгерістерге» сәйкес есептік бағалардағы өзгерістер ретінде есептелінеді.

Негізгі құралдардың баланстық құны баланстық құн өтелетін болып табылмайтынын көрсететін жағдайларда қандай да бір оқиғалар немесе өзгерістер болған жағдайда құнсыздану мәніне қайта қарастырылады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер баланста бастапқы мойындау кезінде өзіндік құны бойынша, яғни, төленген ақша қаражаттарының және олардың баламаларының сомасы немесе активті сатып алу немесе жасау кезінде оны сатып алу үшін Қорға берілген басқа өтеудің әділ құны бойынша бағаланады. Қордың материалдық емес активтері компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы қамтиды.

Материалдық емес активтерді бастапқы мойындаудан кейін кез келген кейінгі жинақталған амортизация және құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріліп, қайта бағалау күні олардың әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құн бойынша ескеріледі.

Активтердің тиімді қызмет етудің күтілетін мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылады және қажет болған жағдайда, тиімді қызмет ету мерзімдердегі түзетулер келесі кезеңдерде ескеріледі. Материалдық емес активтердің тиімді қызмет етуінің орташа мерзімі 7 жылды құрайды.

Материалдық емес активтердің баланстық құны жағдайлардағы болатын оқиға немесе өзгеріс баланстық құн өтеле алмағандығын көрсеткен кезде құнсыздану мәніне қайта қарастырылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Қор құнсыздану мәніне активтерді немесе активтер топтарын жағдайлардағы оқиға немесе өзгеріс активтің баланстық құны өтеле алмайтындығын көрсеткен кезде бағалайды.

Егер құнсызданудың осындай көрсеткіштері болған кезде немесе Қорға құнсыздануға активтерді жыл сайын тестілеу талап етілген кезде Қор активтің өтелетін құнына бағалауды жүзеге асырады.

Активтер топтарының өтелетін құны оларды өткізуге және пайдалану құнына шыққан шығындарды шегере отырып, әділ құнынан аса көп болып табылады. Пайдалану құнын бағалау барысында күтілетін ақша ағындары тәуекелдерге, активтер тобына арналған ерекшеліктерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымды нарық бағаларын көрсететін салық салғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымды құнына дисконтталады.

Әрбір есептік күнге бұрын танылған құнсыздану бойынша залалдар жоқ немесе азайған жағдайда қандай да бір көрсеткіштер барына қатысты бағалау жүргізіледі. Егер осындай көрсеткіштер бар болатын болса, өтелетін құнға бағалау жүргізіледі. Құнсыздану бойынша бұрын танылған залал құнсыздану бойынша соңғы залал танылған мезеттен бастап, активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған бағаларда өзгеріс болған жағдайда ғана түзетіледі.

Бұл жағдайда активтің қалған құны өтелетін құнға дейін ұлғаяды. Активтің ұлғайтылған құны тозуды немесе амортизациялауды шегере отырып, анықтала алатын баланстық құнды асыра алмайды, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздану бойынша залал танылмаған болса. Осындай түзету жасау жиынтық табыс туралы есепте танылады.

Түзетпе жасалатын өткізбегені өткізгеннен кейін келесі кезеңдерде қалдық құнды шегере отырып, жүйелі негізде тиімді қызмет етудің қалған мерзімі ішінде активтің қайта қарастырылған баланстық құнын бөлу үшін амортизациялау бойынша шығындар түзетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Тауарлы-материалдық қорлар

Тауарлы-материалдық қорлар өзіндік құны және ФИФО әдісі бойынша таза сату құнымен екі көлемнің азы бойынша есепке алынады. Құн қорларды жерге жеткізумен және оны ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында көтерген барлық шығындарды қамтиды. Ықтималды өткізудің таза құны қайта өңдеуге шығатын барлық болжамды шығындарды және сатуға шыққан шығыстарды шегере отырып, қорлардың есептік сату құнын білдіреді.

Қаржы активтері

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Қор сәйкес қаржы құралы бойынша шарттық қарым-қатынастың тарабы болатын кезде танылады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін (пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар бастапқы тану барысында қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын сәйкесінше ұлғайтады немесе азайтады. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар пайда мен шығынға тікелей қатысты болады.

Қаржы активтері не пайда немесе шығын, қарыздар мен дебиторлық берешек, өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар арқылы әділ құн бойынша бағаланған қаржы активтері ретінде немесе олардың арнауынан шыға отырып, сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі. Бастапқы тану барысында қаржы активтері әділ құн бойынша бағаланады. Егер инвестициялар пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктелмейтін болса, онда олардың әділ құнына есептілікті көрсету барысында мәміле бойынша олармен тікелей байланысты шығындар қосылады.

Қор бастапқы тану барысында өзінің қаржы активтерінің жіктелімін анықтайды және де бұл рұқсат етіліп, жарамды болатын болса, әрбір қаржылық жылдың соңында белгіленген жіктелімде қайта қарастырады.

Қордың қаржы активтері ақша қаражаттары мен олардың баламаларынан, дебиторлық берешектен тұрады.

Қаржы активтерінің барлық стандартты сатып алулары мен сатулары мәмілені орындау күнде, яғни, Қор активтерді сатып алу міндетін өзіне алған күнде танылады.

Стандартты сатып алулар немесе сатулар – бұл әдетте нормативтік актілермен немесе нарықта қабылданған ережелермен орнатылатын кезең ішінде активтерді жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек – бұл белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін тиянақталған немесе анықталатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтері. Бастапқы бағалаған соң дебиторлық берешек құнсыздануға арналған резерв шегеріле отырып, тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Резерв Топтың дебиторлық берешектің бастапқы жағдайларына сәйкес барлық берешек сомаларын ала аламын деп есептемеудің объективті дәлелі болған жағдайда құрылады. Активтің баланстық құны мен активтің ағымдағы құнының және бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша қаражаттарының бағаланған болашақ қозғалысының ағымдағы құнының арасындағы айырма резерв сомасы болып табылады. Мойындау тоқтатылған немесе дебиторлық берешек құнсызданған жағдайда туындайтын кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары және қысқа мерзімді банк салымдары

Қаржылық жағдай туралы есепте ақша қаражаттары мен олардың баламаларына банктердегі ақша қаражаттары және қолма-қол ақша қаражаттары, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын жедел банктің салымдар кіргізіледі.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті көрсету үшін ақша қаражаттары мен оларды баламалары жоғарыда белгіленген компоненттерден құралады.

Қаржы жағдайы туралы есептегі қысқа мерзімді банктік салымдардың үш айдан бастап бір жылға дейін бастапқы өтеу мерзімі бар.

Қаржы құралдарының амортизацияланған құны

Амортизацияланған құн құнсыздануға жұмсалатын резерв шегеріле отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Есептеулерге сатып алу кезінде пайда болған сыйлықақылар мен дисконт, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын мәміле бойынша шығындар және сыйақылар кіреді.

Әділ құн

Ұйымдасқан қаржы нарықтарында айналатын қаржы активтерінің құны есепті күнгі жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша нарықтық баға белгілеуге негізделіп анықталады. Нарықта бағасы белгіленбейтін инвестицияларда әділ құн өртүрлі бағалау әдістемелерін пайдалану арқылы анықталады. Мұндай әдістемелерге коммерциялық негізде жасалған ең соңғы мәмілелердің бағасын пайдалану; баламалы құралдардың ағымдағы нарықтық құнын пайдалану; дисконтталған ақша қаражаттарын талдау және опциондарды бағалау модельдері жатады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қор әр есепті күні қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының орын алғанын немесе болмағанын анықтайды.

Егер амортизацияланатын құн бойынша есептелетін активтер бойынша құнсызданудан шығындардың пайда болғаны туралы объективті дәлел болса, шығын сомасы активтің баланстық құны мен қарды активі бойынша бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша дисконтталған (яғни бастапқы мойындау кезінде есептелген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша) күтілетін болашақ ақша ағындарының (әлі пайда болмаған болашақ несие шығындарын қоспағанда) ағымдағы құнының арасындағы айырма ретінде бағаланады. Активтің баланстық құны резервті пайдалану арқылы төмендетілу керек. Шығыс сомасы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Егер келесі кезеңде құнсызданудан болған шығыс сомасы азайса, және оның азаюы құнсыздану мойындалғаннан кейін орын алған оқиғамен объективті түрде байланысты болуы мүмкін болса, бұрын мойындалған құнсызданудан болған шығыс қалпына келтіріледі. Одан кейінгі құнсызданудан болған шығыстың қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы есепте активтің баланстық құны осы активтің қалпына келтірілген күнгі амортизацияланған құнынан аспайтындай көлемде мойындалады.

Дебиторлық берешек бойынша, егер Қор шарттың бастапқы шарттарына сәйкес өзіне тиесілі барлық соманы ала алмайтын объективті дәлелі бар болса (мысалы, дебитордың төлеуге қабілетсіздігі немесе басқа елеулі қаржылық қиындықтары), құнсыздану резерві жасалады. Дебиторлық берешектің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы кемиді. Құнсызданған берешектер сенімсіз болғанда мойындауды тоқтатады.

Қаржылық міндеттемелер

Кредиторлық берешек, төленетін қарыздар және өзге қаржылық міндеттемелер бастапқыда мәміле бойынша шығындар шегеріліп, әділ құн бойынша бағаланады. Кейіннен қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Осы қаржы міндеттемелері бойынша оларды мойындауды тоқтатқанда, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияны есептеу шамасы бойынша кірістер мен шығыстар құрамында мойындалады.

Амортизацияланған құн сатып алғанда дисконттарды немесе сыйақыларды, сонымен қатар комиссиялық немесе тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайдалар мен шығындар туралы есепте қаржы шығындарының құрамына кіреді.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді мойындауды тоқтату

Қор қаржы активтерін мойындау олар бойынша ақша ағындарына шарттық құқықтар тоқтатылған немесе қаржы активтері мен тиісті тәуекелдер және пайдалар өзге ұйымға берілген жағдайда тоқтатылады. Егер Қор активті пайдаланудан болған тәуекелдер мен пайдаларды дерлік барлығын бермеген және сақтамаған, сондай-ақ берілген активті бақылауды жалғастырып жатқан жағдайда

Қаржы міндеттемелері (жалғасы)

ол өзінің осы активтің құрамындағы үлесін және онымен байланысты ықтимал міндеттемелерді көрсетуді жалғастырады. Егер Қор берілген қаржы активтерін иеленуден болған тәуекелдер мен пайдалардың барлығын сақтап қалса, онда ол аталған қаржы активінің есебін жүргізуді жалғастырады.

Қор қаржы міндеттемелерін олар өтелген, күші жойылған немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана есептен шығарады. Есептен шығарылған қаржы міндеттемесінің баланстық құны мен төленген немесе төленуге жататын сыйақылар арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Резервтер

Қаржылық есептілікте резервтер Қордың бұрын болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе тәжірибеден туындайтын) міндеттемесі болған, сондай-ақ міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдалармен байланысты қаражаттардың жылыстау ықтималдығы болған және сол міндеттеме тиісінше дұрыс бағалануы мүмкін болған жағдайда мойындалады.

Егер Қор резерв өтеледі деп күтсе, өтелуі сөзсіз болған жағдайда ғана өтем жеке актив ретінде көрсетіледі.

Егер ақша қаражаттарының уақытша құнының әсері елеулі болмаса, резервтер ақша қаражаттарының күтілетін болашақ қозғалысын, және орынды болса, міндеттемеге тән тәуекелдерді дисконттау арқылы ақша қаражаттарының уақытша құнына берілген ағымдағы бағаны көрсететін салықтар төленгенге дейінгі мөлшерлеменен есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде уақыттың өтуінің салдарынан резервтің ұлғаюы қаржы шығындары ретінде мойындалады.

Байланысты тараптар

Байланысты тараптар ХҚЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» белгіленгендей екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдеріне елеулі әсерді бақылау немесе жүзеге асыру мүмкіндігі бар тараптардың бірі болып табылады.

Байланысты тараптарға Қордың негізгі басқарушы қызметкері, сонымен қатар Үкімет бақылайтын өзге кәсіпорындар кіреді.

Сипаты бойынша ұқсас баптар ақпаратты жеке ашу байланысты тараптар арасында операциялардың есептілікке ықпалын түсіну үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда бірлесіп ашады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қызметкерлерге сыйақы

Қызметкерлерге сыйақы келесілерді қамтиды:

- қызметкерлер мен жұмысшыларға еңбекақы және әлеуметтік қамтамасыз етуге жарналар, жыл сайын төленетін демалыс және науқастану бойынша төленетін демалыс, сыйлықақы, сонымен қатар қазіргі уақытта жұмыспен қамтылған қызметкерлер үшін ақшалай емес (медициналық қызмет көрсету) сыйақы секілді қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар;
- қызметтен босағанда алатын жәрдемақы.

Қорда, еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге сыйақы сияқты (зейнетақы, өмірді сақтандыру және еңбек қызметі аяқталғаннан кейін медициналық қызмет көрсету) ұзақ мерзімді сыйақы жоспарлары жоқ.

Жеке капитал

Жеке капитал – Қордың барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін қалған Қордың активтер бөлігі, яғни, жеке капитал - бұл компаниядағы меншік иесінің иелену үлесі. Ол қалдық үлес болып табылады, себебі активтерден міндеттемелерді шегергеннен кейін қалған соманы ұсынады. Жеке капиталға: акционерлік капитал, бөлінбеген пайда, материалдық емес активтерді қайта бағалау резерві.

Акционерлік капитал

Қарапайым акциялар капитал ретінде жіктеледі. Компанияны біріктіру жағдайларынан басқа, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты сыртқы шығыстар осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы азайту ретінде капитал құрамында көрсетіледі. Алынған құралдардың өділ құнының акцияның номиналды құнынан арту сомасы қосымша төленген капитал сияқты көрсетіледі.

Жалға алу

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар-жоғын бөлу жалға алу қарым-қатынастарының басталу күніндегі келісім мазмұнын талдауға негізделген. Келісім жалға алу болып табылады немесе егер келісімді орындау нақты активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса, жалға алу белгілері бар және осы келісім нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы тіпті бұл келісімде анық көрсетілмесе де бірінші тараптан екінші тарапқа өтеді.

Қор жалға алушы ретінде

Жалға алу қаржылық немесе операциялық ретінде жалға алу қарым-қатынастарының басталу күнінде жіктеледі. Қорға барлық тәуекелдер және меншік құқығына байланысты пайдалар іс жүзінде өтетін жалға алу қаржылық жалға алу ретінде жіктеледі.

Операциялық жалға алу бойынша төлемдер пайдалар немесе шығындар туралы есепте барлық жалға алу мерзімі ішінде желілік әдіспен танылады.

Ақшалай түсімді мойындау

Егер Қор экономикалық пайдаларды алу ықтималдығы бар болса және егер ақшалай түсім сенімді бағаланса, ақшалай түсім мойындалады. Түсім жеңілдіктер мен басқа да салықтарды шегергенде, алынған сыйақының өділ құны бойынша бағаланады.

Қаржылық есептілікте түсімді мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

Комиссиялық кірістер

Комиссиялық сыйақы түріндегі кірістерді Қор ай сайын мойындайды және қайтарымдарды шегергенде алынған әлеуметтік аударымдардың жалпы сомасын, ҚҚС шегергенде жыл сайын үкімет бекітетін бір айдағы шекті мөлшерлемеге әлеуметтік аударымдарды өз уақытында аударғаны үшін өсімақы және ҚР ҰБ есептеген инвестициялық кірісті көбейту әдісі арқылы есептеледі. 2017 жылы ҚР Үкіметі белгілеген шекті мөлшерлеме ҚҚС есептегенде 0,45% (2016 ж.: 0,45%) артық емес болды. Қордың өз қалауы бойынша шекті мөлшерлемеден кем мөлшерлемені қолдануға құқығы бар.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығындарды мойындау

Шығыстар туындау кезінде ескеріледі және есептеу әдісі негізінде олар жататын кезеңде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Комиссиялық шығыстар

Шоғарландырылған алынған әлеуметтік аударымдарды қамтитын Қордың активтері, әлеуметтік аударымдарды өз уақытында аудармағаны үшін өсімақылар, алынған инвестициялық табыс 2004 жылғы 20 тамыздағы № 878, 13.11.2007 жылғы № 1081 ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес ҚРҰБ сенімді басқармасына берілді.

Қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру бойынша Қордың активтерін сенімді басқару туралы шартқа сәйкес (бұдан былай – «Шарт») ҚРҰБ Қордың құралдарымен басқаруды жүзеге асырады.

Қордың Директорлар кеңесі бекіткен инвестициялық стратегия шектерінде ҚРҰБ шартына сәйкес Қордың активтерін инвестициялау, бағалы қағаздарды және екінші қаржы құралдарын сатып алу немесе сату мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

Шартқа сәйкес ҚРҰБ кастодиан, депозитарий, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қызметтерін, төлемдерді жүргізу бойынша шығыстар, сонымен қатар сенімді басқару кезінде туындауы мүмкін басқа шығыстарды төлеуді қамтитын сенімді басқару бойынша қызметтерін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік көтереді.

Комиссиялық сыйақы мөлшеріне ҚРҰБ қолданыстағы тарифтік мөлшерлемелері негізінде есептелетін ай сайынғы комиссиялық төлемдер және пайдалар мен шығындар туралы есепте комиссиялық шығындар есебінде ескерілетін Шарт бойынша қызметтерді ұсыну кезінде ҚРҰБ нақты келтірілген шығындарды өтеу.

Ай сайынғы комиссиялық төлемдер

Ай сайынғы комиссиялық төлемдер активтердің сатып алу бағасы негізінде есептеледі:

Активтерді сатып алу бағасы	Тарифтер
0,5 млрд. теңгеге дейін	0,01%
0,5 млрд. теңгеден бастап 1 млрд. теңгеге дейін	0,5 млрд. теңгеден жоғары сомадан 70,000+0,006%
1 млрд. теңгеден бастап 5 млрд. теңгеге дейін	5 млрд. теңгеден жоғары сомадан 100,000+0,002%
5 млрд. теңгеден бастап 10 млрд. теңгеге дейін	5 млрд. теңгеден жоғары сомадан 130,000+0,0008%
10 млрд. теңгеден бастап 20 млрд. теңгеге дейін	10 млрд. теңгеден жоғары сомадан 200,000+0,0006%
20 млрд. теңгеден бастап 30 млрд. теңгеге дейін	20 млрд. теңгеден жоғары сомадан 300,000+0,0004%
30 млрд. теңгеден астам	30 млрд. теңгеден жоғары сомадан 400,000+0,0002%

Сыйақыны есептеу әр айдың соңғы жұмыс күні сенімді басқаруға берілген Қордың активтерінің сатып алу бағасы кіретін соманың орташа айлық қалдығынан және Қор есебіндегі қалдықтардан жүргізіледі.

Салық салу

Ағымдағы кезең үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органының болжамды өтелетін сомасына немесе салық органына төленетін төлемақыға сүйене отырып есептеледі. Осы соманы есептеу үшін қолданылған салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы есептік күн үшін Қазақстан Республикасында әрекет еткен немесе іс жүзінде заңдастырылған мөлшерлемелер мен салықтарды ұсынады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасында туындаған барлық уақытша айырмалар бойынша міндеттемелер әдісін қолдану арқылы көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақытша айырмалар үшін мойындалады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар дәрежеде шегеруге жататын барлық уақытша айырмалар үшін мойындалады, оған қарсы осы шегерілуі тиіс уақытша айырмалар есептелуі мүмкін.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтің баланстық құны әрбір есептік күннің жағдайы бойынша қарастырылады және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша аталған активтің бөлігін немесе барлығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысты алу ықтималдығы бар деңгейде немесе салық заңнамасына сәйкес айырмаларды түсіндіруге қатысты белгісіздік болған кезде кемиді.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер және міндеттемелер күшіне өнген немесе есептік күні нақты заңдастырылған салық салу мөлшерлемелеріне (салық салу туралы заң) сүйене отырып, активті жүзеге асыру немесе міндеттемелерді реттеу кезеңі ішінде қолданылуы күтілетін мөлшерлеме бойынша бағаланады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер және міндеттемелер ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтері есепке алу үшін заңды, заңды түрде жарамды құқықтар болған кезде есепке алынады.

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржы есептілігінде мойындалмайды, бұл жағдайда олар туралы ақпарат ресурстарды өтеуге байланысты оларды шығару күмәнді болып табылған жағдайларда қаржы есептілігінде ашылады.

Шартты активтер қаржы есептілігінде мойындалмайды, бұл жағдайда олар туралы ақпарат оларға байланысты экономикалық пайдаларды алу қаржылық есептілікте ашылады.

Есептік күннен кейінгі оқиға

Есептік күні болған шарттардың дәлелін ұсынатын есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алатын оқиға (түзету оқиғалары) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болса, есептілікке берілген ескертпелерде ашылады.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезең соңындағы жағдай бойынша есептілікте көрсетілетін келіп түскен ақша, активтер мен міндеттемелер сомаларына, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуына әсер ететін пайымдаулардың ұсынылуын және бағалау мәндері мен жорамалдарының анықталуын талап етеді. Алайда осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік келешекте осындай жорамалдар мен бағалаулар қолданылып жатқан активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі түзетулерді енгізуді талап етуі мүмкін нәтижелерге алып келуі ықтимал.

Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді тиімді пайдалану мерзімдері

3-ескертпеде көрсетілгендей, Топ негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдерін әр есепті кезеңнің соңында қарайды. Активтің пайдалы қызмет мерзімінің бағалануы экономикалық пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету бойынша бағдарламалар, технологиялық жақсартулар және өзге іскерлік жағдайлар сияқты факторларға байланысты. Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзіміне берген бағасы осы қаржылық есептілік жасалған күні болған тиісті ақпаратты көрсетеді.

Есепті күнгі жағдай бойынша Қор басшылығы негізгі құралдардың қызмет мерзімдері есеп саясатының талаптары ескеріле отырып, дұрыс бағаланған деп есептейді.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Активтің баланстық құны немесе ақша ағындарын түрлендіретін бөлімше баланстық құны келесі шамалар: сатуға жұмсалған шығындар шегерілген әділ құн және пайдаланудан болған құндылық бойынша ең жоғары болып табылатын жағдайды құнсыздану деп атайды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор басшылығы қаржылық емес активтердің ешқандай құнсыздану индикаторларын тапқан жоқ.

Дебиторлық берешектің, берілген аванстардың құнсыздану резерві және өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резерв

Дебиторлық берешектің және берілген аванстардың құнсыздану резервтерін басшылықтың анықтау, өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резервті мойындау және бағалау басшылығын анықтауға қосымша басшылық тарапынан Қордың осы активтерді іске асыру қабілеттігін жақсы бағалау негізінде жорамал жасауды талап етеді. Экономикалық жағдайларды немесе басқа осыған ұқсас жағдайларды өзгерту нәтижесінде есептік күннен кейін басшылық осы қаржылық есептілікті дайындау барысында жасалған қорытындылардан ерекшеленуі мүмкін қорытындылар жасай алады.

Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв

Әрбір есептік күн үшін Қор орташа күндік жалақыға көбейтілген жыл соңындағы пайдаланылмаған демалыс күннің санына сүйене отырып, пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв сомасын бағалайды. Егер демалыс күндері алдыңғы бағалаудан ерекшеленетін болса, өзгертулер ХҚЕС 8 «Есеп саясаты, есептік бағалаулар мен қателердегі өзгертулер» сәйкес есептік бағалаулардағы өзгертулер сияқты ескеріледі. Осы бағалаулар пайдаланылмаған демалыстар бойынша міндеттеменің ағымдағы құнына және жиынтық табыс туралы есепте көрсетілген резервті есептеу бойынша шығыстарға елеулі ықпал етуі мүмкін.

5. КОМИССИЯЛЫҚ КІРІСТЕР

ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1099 «"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын бекіту туралы» Қаулы негізінде Қор белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелетін ҚҚС қосқанда қызметті жүзеге асыру үшін комиссиялық сыйақы алады. 2017 жылы бекітілген мөлшерлеме есептік ай үшін Қордың есебіне түскен активтердің жалпы мөлшерінің 0,45% аспайтын мөлшерінде белгіленді. Активтер алынған әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік аударымдарды өз уақытында төлемегені үшін өсімақыны және инвестициялық табыс сомасын қамтиды. 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған, Қор комиссиялық сыйақы есебінен 1,486,595 мың теңге (31 желтоқсан 2016 жыл: 1,216,950 мың теңге) табыс тапты. 2017 жылы ҚҚС қосқанда комиссиялық сыйақының орташа жылдық нақты мөлшерлемесі 0,40% (2016 жыл: 0,41%) болды.

6. КОМИССИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
ДЕПО шотын жүргізу үшін «БҚОД» АҚ қызметтері үшін шығындарды өтеу	64,046	50,918
Ақшаны сенімді басқару бойынша ҚРҰБ қызметтері	32,375	27,659
ҚРҰБ РЕПО автоматты секторында сауда-саттық қатысқаны үшін комиссиялық алым	17,241	3,355
	113,662	81,932

2017 жылы Қор ҚРҰБ 06.05.2010 жылғы №317 НБ/31 сенімді басқару бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа берілген Қосымшаға сәйкес активтердің сатып алу құнына (айына 0 бастап 0,01% дейін) байланысты сараланған түрде есептелген комиссиялық сыйақы төледі.

7. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Қызметкерлердің еңбекақысы	807,934	663,959
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	89,313	65,382
Директорлар кеңесінің сыйақысы	2,073	2,307
Басқа персонал шығындары	5,605	-
Еңбекақы	904,925	731,648
Негізгі құралдарды жалға алу	178,631	142,648
Байланыс қызметтері	64,073	55,544
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	38,322	12,774
НҚ және МЕА амортизациялау	30,629	28,497
Ақпараттық қызметтер	22,015	33,119
Мүшелік жарналар	23,701	27,986
Услуги по проведению конференций, семинаров	21,969	20,000
Материалдық шығындар	15,208	19,361
Аудиторлық қызметтер бойынша резервтер	15,000	8,500
Іссапар және өкілдік шығыстар	13,222	16,301
Банк қызметтері	8,497	3,290
Медициналық қызмет көрсету бойынша шығыстар	6,098	-
Пошта қызметтері	3,552	4,757
Типографиялық қызметтер	2,567	1,309
Салықтар мен міндетті төлемдер	1,484	64
НҚ және МЕА техникалық қызмет көрсету	1,351	9,583
Біліктілікті арттыруға жұмсалған шығыстар	790	-
Сақтандыру	675	456
Консультациялық/(аудиторлық) қызметтер	310	371
Басқалары	8,390	21,362
	456,484	405,922
Әкімшілік шығыстар	1,361,409	1,137,570

8. ӨЗГЕ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Өзге кірістер (шығыстар)	991	1,211
Бағамдық айырма	(23)	(148)
Валютаны сатып алу бойынша шығыстар	(712)	(513)
НҚ шығару бойынша шығыстар	(154)	-
Активтерді құнсыздандыру бойынша шығыстар	-	(6,842)
Өзге шығыстар	(1,777)	-
	(1,675)	(6,292)

9. ТАБЫС САЛЫҒЫ

Табыс салығы бойынша шығыстар:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	(2,686)	(5,031)
Кейінге қалдырылған салық бойынша үнемдеу / (шығыстар)	(695)	2,752
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыстар)	(3,381)	(2,279)

9. ТАБЫС САЛЫҒЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Төменде ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстары бар пайда үшін ресми салық мөлшерлемесі бойынша салық салғанға дейін пайдаға қолданылатын табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру берілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2016 жыл	2015 жыл
Салық салғанға дейінгі пайда/(шығын)	9,849	(8,844)
Ресми салық мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік салық мөлшерлемесі бойынша теориялық табыс салығы бойынша шығыстар	(1,970)	1,769
Шегеруге жатпайтын немесе салық салу мақсаттарында салық салуға жатпайтын баптардың салық әсері	(1,411)	(4,048)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(3,381)	(2,279)
Тиімді салық мөлшерлемесі	34%	26%

Активтер мен міндеттемелер базасы және қаржылық есептілікте көрсетілген сомалар арасындағы уақытша айырмашылықтарына берілген қаржы жағдайы туралы сәйкесінше есептерді жасау күнінде әрекет ететін, заңмен белгіленген салық мөлшерлемелерін пайдалану арқылы есептелген, кейінге қалдырылған салық сальдосы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесіні қамтыды:

Мың теңгемен	2017 жыл 31 желтоқсан	Пайдалар мен шығындар есебіне жатқызылады	2016 жыл 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық активтері			
Негізгі құралдар и материалдық емес активтер	3,321	(297)	3,718
Қызметкерлер алдында есептелген міндеттемелер бойынша резерв	1,912	(1,964)	3,876
Аудиторлық қызметтер бойынша резерв	3,000	1,300	1,700
Қор құнсыздануындағы резерв	1,038	-	1,038
Салықтар	394	366	28
	9,665	(695)	10,360
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	-	-	-
Кейінге қалдырылған таза салық активтері	9,665	(695)	10,360

Кейінге қалдырылған салық активі келешекте салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бар дәрежеде ғана мойындалады, осыған қатысты актив қолданылуы мүмкін.

Мың теңгемен	2016 жыл 31 желтоқсан	Пайдалар мен шығындар есебіне жатқызылады	2015 жыл 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық активтері			
Негізгі құралдар и материалдық емес активтер	3,718	(528)	4,246
Қызметкерлер алдында есептелген міндеттемелер бойынша резерв	3,876	854	3,022
Аудиторлық қызметтер бойынша резерв	1,700	1,362	338
Қор құнсыздануындағы резерв	1,038	1,038	-
Салықтар	28	26	2
	10,360	2,752	7,608
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	-	-	-
Кейінге қалдырылған таза салық активтері	10,360	2,752	7,608

10. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың негізгі құралдары келесі түрде берілген:

	Компьютерлер және перифериялық құрылғылар	Көлік құралдары	Өзге негізгі құралдар	Жиыны
2015 жылғы 31 желтоқсандағы өзіндік құны	62,374	8,730	43,571	114,675
Сатып алу	21,069	-	9,077	30,146
Істен шығу	(852)	-	(2,874)	(3,726)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы өзіндік құны	82,591	8,730	49,774	141,095
Сатып алу	17,083	-	2,824	19,907
Істен шығу	(50,383)	-	(7,410)	(57,793)
Реклассификация	8,609	-	(8,609)	-
2017 жылғы 31 желтоқсандағы өзіндік құны	57,900	8,730	36,579	103,209
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(38,551)	(4,147)	(19,885)	(62,583)
Кезеңдегі тозу	(13,174)	(1,310)	(5,262)	(19,746)
Істен шығу	5852	-	2,874	3,726
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(50,873)	(5,457)	(22,273)	(78,603)
Кезеңдегі тозу	(15,617)	(1,310)	(5,370)	(22,297)
Істен шығу	50,383	-	7,257	57,640
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(16,107)	(6,767)	(20,386)	(43,260)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	23,823	4,583	23,686	52,092
2016 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	31,718	3,273	27,501	62,492
2017 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	41,793	1,963	16,193	59,949

Негізгі құралдардың тозу бойынша шығыстары өкімшілік шығыстар құрамында 22,297 мың теңге (2016 ж.: 19,746 мың теңге) сомасында танылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың негізгі құралдар кепіл мәні болып табылмайды.

Қор өзінің қарапайым қызметі барысында бастапқы құны 73,077 мың теңге (2016 ж.: 46,236 мың теңге) негізгі құралдарды пайдаланады, бірақ 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша олардың қалдық құны 0 теңгеге тең.

Қор өзінің қызметі кезеңінде негізгі құралдарды қайта бағалауды жүргізбеді.

11. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша материалдық емес активтер келесі түрде көрсетілген:

	Бағдарламалық жасақтама
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы құны	87,695
Сатып алу	6,551
Істен шығу	-
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы құны	94,246
Сатып алу	12,926
Істен шығу	-
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы құны	107,172
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған тозу	(63,130)
Кезең ішіндегі амортизациялық аударымдар	(8,751)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған тозу	(71,881)
Кезең ішіндегі амортизациялық аударымдар	(8,332)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған тозу	(80,213)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны	24,565
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны	22,365
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны	26,959

Материалдық емес активтер амортизациясы бойынша шығыстар өкімшілік шығындардың құрамына 8,332 мың теңге (2016 ж.: 8,751 мың теңге) сомасында кіреді.

12. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Шикізат және материалдар	13,131	18,247
Қорларды құнсыздандыру бойынша резерв	(5,188)	(5,118)
	7,943	13,059

Кезең ішіндегі қорлар бойынша резервтегі қозғалыс

<i>Мың теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Кезең басындағы сальдо	(5,118)	-
Есептелді	-	(5,118)
Пайдаланылды	-	-
Кезең соңындағы сальдо	(5,188)	(5,118)

Қорлар бойынша шығыстар 2017 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші өкімшілік шығындардың құрамына 15,208 мың теңге (2016 ж.: 19,361 мың теңге) сомасында кіреді.

13. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Комиссиялық сыйақы бойынша берешек	167,307	81,822
Өзге дебиторлық берешек	1,601	1,905
Күмәнді берешек бойынша резерв	(1,577)	(1,653)
	167,331	82,074

167,307 мың теңге сомасында комиссиялық сыйақы бойынша берешек 2017 жылдың қаңтар айында толықтай өтелді.

Кезең үшін дебиторлық берешек бойынша резервтегі қозғалыс

<i>Мың теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Кезең басындағы сальдо	(1,653)	-
Есептелді	-	(1,653)
Қолданылды	76	-
Кезең соңындағы сальдо	(1,577)	(1,653)

14. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Қазақстандық банктердегі ағымдағы шоттар, теңге	26,579	78,927
Кассадағы ақша қаражаттары	-	293
	26,579	79,220

Кезең соңындағы ақша қаражаттары қазақстандық теңгемен берілген.

15. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал 45,950 жарияланған және жалпы сомасы 45,950 мың теңге номиналды құны 1,000 теңге толықтай төленген акциялардан тұрады. Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тұлғасында ҚР Үкіметі болып табылады. Қор коммерциялық емес заңды тұлға болып табылады, сондықтан дивидендтерді есептемейді және төлемейді.

16. КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Сауда кредиторлық берешек	325	1,704
ҚРҰБ комиссиялық сыйақы бойынша берешек	11,309	7,458
Банктердегі шоттардағы қате есептелген сомалар бойынша берешек	2,064	1,236
	13,698	10,398

Кредиторлық берешек кезең соңында қазақстандық теңгемен берілген.

17. САЛЫҚТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Қосылған құн салығы	41,154	20,748
Жеке табыс салығы	-	130
Әлеуметтік салық	1,969	143
	43,123	21,021

18. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан үшін	
	2017 жыл	2016 жыл
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша қызметкерлердің бағалау міндеттемелері	9,564	19,379
Аудиторлық қызмет көрсетудегі шығындар бойынша бағалау міндеттемелері	15,000	8,500
Өзге міндеттемелер	984	1,410
	25,548	29,289

Пайдаланылмаған демалыстар бойынша қызметкерлердің резерв қозғалысы:

<i>Мың теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Кезең басындағы сальдо	19,379	15,109
Есептелді	38,322	12,774
Қолданылды	(48,137)	(8,504)
Кезең соңындағы сальдо	9,564	19,379

Аудиторлық қызмет көрсетудегі резерв қозғалысы:

<i>Мың теңгемен</i>	2017 жыл	2016 год
Кезең басындағы сальдо	8,500	1,690
Есептелді	15,000	8,500
Қолданылды	(8,500)	(1,690)
Кезең соңындағы сальдо	15,000	8,500

19. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР

Байланысты тараптарға еншілес ұйымдар, Компанияның негізгі басқару персоналы, негізгі басқарушы қызметкерлеріне дауыстардың елеулі үлесі тікелей немесе жанама тиесілі кәсіпорындар, сондай-ақ Үкіметтің бақылауындағы өзге кәсіпорындар мен ведомстволар жатады.

Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптарға ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызмет көрсетулерді қоспағанда, міндетті түрде нарықтық мөлшерлемелерге сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген жағдайларда жасалды.

<i>Мың теңгемен</i>		Алынатын комиссиялық сыйақылар	Кредиторлық берешек
Үкіметтің жалпы бақылауындағы ұйымдар және мекемелер	2017	167,307	11,603
	2016	81,822	8,971

<i>Мың теңгемен</i>		Комиссиялық табыстар	Комиссиялық шығыстар	Әкімшілік шығыстар	ТМҚ және БКШ сатып алу
Үкіметтің жалпы бақылауындағы ұйымдар және мекемелер	2017	1,486,595	(113,662)	(10,254)	-
	2016	1,216,950	(81,932)	(17,885)	574

Негізгі басқарушы қызметкерлердің сыйақысы

Негізгі басқарушы қызметкерлердің сыйақысын штаттық кестенің, жеке еңбек шарттарының, тәуелсіз директорларға сыйақы туралы Директорлар кеңесінің шешімдерінің негізінде анықталады.

19. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы қызметкер 5 адам (2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 5 адам). Қордың негізгі басқарушы қызметкерінің сыйақысы 2017 және 2016 жылдармен аяқталатын жыл үшін 53,836 мың теңге және 58,248 мың теңгені құрады.

20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Қаржы тәуекелін басқару мақсаттары

Тәуекелдерді басқару Қор қызметінің маңызды элементі болып табылады. Қор оның операцияларына жататын қаржы тәуекелдерін тәуекелдердің дәрежесі мен мәні бойынша тәуекелге шалдыққыштыққа талдау жасалатын тәуекелдер бойынша ішкі есеп жүргізу арқылы бақылайды және басқарады. Бұл тәуекелдерге, көбінесе, несие тәуекелі, валюталық тәуекел және өтімділік тәуекелі жатады. Әрі қарай Қордың осы тәуекелдерді басқару бойынша саясатына сипаттама берілген.

Өтімділік тәуекелі

Қор өзінің келісім-шарттық міндеттемелері бойынша өтімділік тәуекеліне шалдыққыш. Бұл тәуекел ақша қаражаттары мен олардың баламалары және банктік салымдар қалдығының адекватты деңгейін сақтау арқылы бақыланады. Қор басшылығы ақша қаражаттары мен олардың баламаларының және банктік салымдардың ағымдағы қалдығы қаржы міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті болады деп есептейді.

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелеріне талдау ұсынылған:

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1-3 ай	3 ай – 1 жыл	1 жылдан астам	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Кредиторлық берешек	-	13,698	-	-	13,698
	-	13,698	-	-	13,698
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Кредиторлық берешек	-	10,398	-	-	10,398
	-	10,398	-	-	10,398

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл валюта айырбастау бағамының өзгеруімен байланысты қаржы құралының құнында өзгерістердің болу тәуекелі. Топтың операциялары көбінесе Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Есептік кезең соңында Қорда шетел валютасымен көрсетілген активтер/міндеттемелер жоқ.

Несие тәуекелі

Несие тәуекелі – бұл Қордың қаржылық шығынға ұшырау қауіпі, себебі контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша міндеттемелерін орындамауынан Қор оның операциялық қызметімен (ең алдымен, ақша қаражаттарына және оның баламаларына және дебиторлық берешекке қатысты) байланысты несие тәуекеліне шалдыққыш болып табылады.

Капиталды басқару

Қор капитал ретінде өзінің таза активтерін пайдаланады, Қордың капиталды басқарудағы бірінші кезектегі міндеті үздіксіз қызмет жасау принципін қамтамасыз ету болып табылады. Капиталдың қолайлы деңгейін қамтамасыз ету үшін Қор жылдық бюджеттерді әзірлейді және қадағалайды.

Әділ құн

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының басым бөлігінің құны мұндай құралдардың мерзімінің қысқа болу себебінен шамамен олардың әділ құнына тең.

21. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және оны қолдану тәжірибесі үздіксіз даму үстінде тұрғандықтан, ретроспективтік қолданыла алатын әртүрлі түсіндірілу және жиі өзгеру объектісі болып табылады. Қазақстандық салық органдарының Топтың мәмілелері мен қызметіне қолданылатын салық және өзге заңнамаға берген түсіндірмесі басшылықтың талаптарына сәйкес келмеуі мүмкін. Нәтижесінде, салық органдары мұндай мәмілелерге қарсы болып, Топқа қосымша салықтар, айыппұлдар және есімпұлдар салынады. Салық кезеңдері бес жыл бойы Қазақстандық салық органдарының тексеруі үшін ашық болуы мүмкін.

Қор басшылығы өзінің салық заңнамасы туралы түсінігінің негізінде барлық салық сомаларын тиісті тәртіппен есептедім деп санайды.

Заңгерлік мәселелер

Қор өзінің қызметіне қатысты белгілі бір сот процестеріне және талаптарына тартылуы мүмкін, Басшылық осындай талаптар болғанда оларды реттеу Қордың қаржы есептілігіне елеулі әсер етпейді. Осы қаржылық есептілікте осындай соттың істі қарау нәтижелерінде талап етілуі мүмкін қандай да бір резервтер жоқ.

Шарттық міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың шарт бойынша операциялық жалға алу міндеттемесі болмады, оларды орындау мерзімі келесі жыл ішінде басталады.

22. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Қор басшылығы есептік кезеңдегі күн мен осы қаржылық есептілікті бекіту күніне дейінгі аралықта болған кезеңде осы қаржылық есептілікке әсерін тигізуі мүмкін болатын қолайлы, қолайсыз жағдайлар болмады деп есептейді.